

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ

№1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 15.09.2023 ж.

Қатысқаны: 40 ата-ана

Қатыспағаны: 12 ата-ана

Күн тәртібі:

1. Жаңа 2023–2024 оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары.
2. Балалардың күн тәртібі, қауіпсіздігі және балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылатын іс-шаралар туралы.
3. Ата-аналар комитетін сайлау.

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша: Топ тәрбиешісі А.Б.Сәмен сөз сөйлеп, жаңа оқу жылындағы жоспармен таныстырды, сонымен қатар жаңа 2023–2024 оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттарын айтты.

2023–2024 оқу жылында балабақшаның педагогикалық ұжымы жұмысының әдістемелік тақырыбы баланың қоршаған ортамен өзара әрекеттесу тәжірибесін үздіксіз жинақтауға, ерте кәсіптік бағдар беруге, өз бетінше жұмыс істеуге, өз бетімен ізденуге бағытталған пәндік-кеңістіктік дамыту кеңістігін құру болды, жас және жеке ерекшеліктеріне және ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес ойын әрекеттері арқылы шығармашылығын дамыту. Қойылған жылдық міндеттерді шешу тақырыптық, салыстырмалы, жедел бақылау, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне ашық шолулар, балалардың бағдарламалық материалды меңгеруін бақылау, тақырыптық шолу байқаулары, тәрбиешілердің, маман педагогтардың баяндамалары негізінде жүзеге асырылды. бағдарламаны іске асыру және мектепке дейінгі білім беру принциптеріне сәйкес: қолжетімділік, ғылыми, жүйелі, көрнекі, саналы, тәрбиеленушілердің ата-аналарымен ынтымақтастықта психологиялық-педагогикалық тығыз қарым-қатынаст орнату. Балалар уақытының көп бөлігін балабақшада өткізеді. Сондықтан қоршаған орта олардың қызығушылықтарына жауап беріп, оларды дамытып, құрдастарымен еркін ойнауға, қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беріп, әр баланың жеке даралығын дамытуы керек. Сондықтан топты ойындармен, ойыншықтармен толтыру жеткіліксіз. Негізгі міндеттердің бірі - қоршаған ортаны балалардың танымдық сөйлеуін, қимыл-қозғалысын және басқа да белсенділігін ынталандыратын элементтермен байыту.

Екінші мәселе бойынша: Тәрбиеші Муфтуллина А.Ж. сөз сөйлеп, балалардың күн тәртібі және қауіпсіздігі және балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылатын іс-шаралар туралы түсіндірді. Балабақшада тәулік бойы болатын балалар топтарының күн тәртібін құрудың өзіндік ерекшелігі бар.

Бұларға күн тәртібін жасағанда жалпы бағдарламалық талаптарға сүйенумен қатар, тәрбиеленушілердің балабақшада болу уақытының ұзақтығы ескеріліп, жүргізілетін шынықтыру және тәрбие шаралары, жеке-дара жұмыстар, оқу, мәдени-гигиеналық дағдылар қалыптастыру күн тәртібіне енгізіліп, сабақ, серуен мерзімі ұзартылады. Күн тәртібінің жасалу принциптері мыналар:


1) баланың ұйқысын, сергектігін, іс-әрекетін, демалысын дұрыс ұйымдастыру; 2) күнделікті өмірде, түрлі қимыл-әрекетте жұмсалған күшін қалпына келтіру, баланы аса көп шаршаудан сақтандыру; 3) тамақтану мезгілін ас қорыту органдарының және ішкі секреция бездерінің қызметіне сәйкес ұйымдастыру; 4) ойын, серуен, еңбек, оқу тәрізді күнделікті іс-әрекет түрлерін, демалыс кезеңдерінде серуен, ұйқы, бой жазу әрекеттерін дұрыс алмастырып отыру; 5) таза ауада болу мерзімін белгілеу сияқты принциптерге сәйкестендіріліп құрылады. Күн тәртібін ұқыпты орындау ұйымшыл, жұмысын дұрыс жолға қойған ұжымда ғана іске асады.


Балабақшаға алғаш келген баланы жаңа күн тәртібіне үйрету бір-екі аптаға созылса, денсаулығы нашарлау, тез ашуланшақ баланы үйрету 5-6 аптаға созылады. Баланы тәрбиелеудің негізгі шарты – отбасында күн тәртібін дұрыс орындау. Ол үшін тәрбиеші ата-аналарды топтағы күн тәртібімен таныстырып, үйде және демалыс күндері баланың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға кеңес береді. Балаға үйде, балабақшада бірдей талап қойылуы көзделеді. Мектепке дейінгі ұйымды және оның маңындағы аумақтарды олардың қауіпсіздігі мен бөгде заттарды анықтау үшін жүйелі түрде тексеру жүргізіледі. - Әкімшілік тұрақты түрде кестеге сәйкес еңбекті қорғау бойынша оқудан өтеді. Өрт қауіпсіздігі. Өрт қауіпсіздігі талаптары – Қазақстан Республикасының заңнамасында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында белгіленген әлеуметтік-техникалық сипаттағы ерекше шарттар. Біздің балабақшамыз дамыды: - Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру туралы ереже. - Өрт режимі. Өрттің алдын алу жоспары. - Ғимараттың техникалық жағдайын тексеру және өртке қарсы электр қауіпсіздігін бағалау жүргізіледі. - Өрт туралы ескерту жүйесі орнатылды. - Балабақша алғашқы өрт сөндіру құралдарымен толық жабдықталған (тексеру жоспар бойынша жүргізіледі).

Үшінші мәселе бойынша: Ата-аналардың ұсынысы бойынша, «Гүл», «Шуак», «Ай» топтарында ата-аналар комитеті құрылды.

Шешімі:

1. Балабақшаның оқу-тәрбие жоспары назарға алынсын.
2. Балалардың қауіпсіздік ережелерін сақтау ата-аналарға міндеттелсін.
3. Ата-аналар комитеті жұмыстарың жандандырсын.

Төрайымы:  Иштаева Ф.К.

Хатшысы:  Кошбаева А.Х.



АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ

№ 2 ХАТТАМАСЫ.

Өткізілген күні: 15.01.2024 ж.

Қатысқаны: 40 ата-ана

Қатыспағаны: 15 ата-ана

Күн тәртібі:

1. I жартыжылдық қорытындысы.
2. «Бала тәрбиесі – баршаға ортақ» баяндама
3. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік шаралары.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша :Тәрбиеші балалардың I жартыжылдықтағы жетістіктері мен даму көрсеткіштері туралы баяндады.

-Халқымыз «Ұяда не көрсең, соны ілерсің» дейді. Бала әрқашанда ата анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата ананы өмірдің тірегі санайды.Ата ананың тіршілігіндегі көрген қызығы, жақсылығының ең бағалысы перзенті. Баланың бойында туған үйдің жылуы оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол.Бірінші жартыжылдықта байқауларға, көрмелерге, іс-шараларға белсенді қатысқан ата-аналармен, балаларды грамоталармен марапатталды.


Екінші мәселе бойынша : «Бала тәрбиесі – баршаға ортақ» әсіресе ата-ананың рөлі үлкен жауапкершілік атқарады. Отбасы – бала өміріндегі ең алғашқы әрі маңызды орта. Дәл осы жерде бала өз мінез-құлқының негізін қалыптастырып, алғашқы тәрбиені алады. Отбасындағы қарым-қатынас, ата-ананың мінез-құлқы, олардың балаға деген мейірімі мен қамқорлығы оның болашақ өміріне тікелей әсер етеді. Балаға махаббат пен қолдау көрсету арқылы ата-анасы оның өзін-өзі бағалауына, сенімділікке, мейірімділік пен адамгершілікке баулиды. Ата-ананың әрбір әрекеті – баланың болашақ мінезінің айнасы. Сол себепті ата-ана өз сөздері мен іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауы тиіс. Бала тәрбиесінде отбасының рөлі дұрыс қарым-қатынас пен ашық диалогқа негізделуі қажет. Ата-аналар баламен бірге уақыт өткізіп, оның ойлары мен сезімдерін түсінуге тырысуы тиіс. Мұндай қарым-қатынас балаға өзін түсінікті әрі бағалы сезінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ата-аналардың баламен серуендеуі, ойын ойнауы, ортақ істермен айналысуы отбасы мүшелерінің арасындағы сенімді нығайтып, баланың әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.Сондай-ақ, отбасы балаға өмірлік құндылықтарды үйретудің ортасы болып табылады.

Ата-ана баланы адалдыққа, еңбексүйгіштікке, мейірімділікке тәрбиелеуі қажет. Баланың айналасындағы адамдарға құрметпен қарауы, жақындарына қамқорлық көрсетуі осы құндылықтарды үйренуімен байланысты. Ата-ананың өзінің үлгісі бұл құндылықтарды баланың бойына дарытудың ең тиімді тәсілі болып табылады.

Үшінші мәселе бойынша: Қысқы кезеңдегі қауіпсіздік ережелері айтылды. Міндетті түрде қарлы, мұзды жерлерден аулақ болу керек. Қардан тазаланған парктер мен ойын алаңдарында ойнау керек. Балалардың аяқ киімдерінің тайғанақ болмауын қадағалау және киімдерінің жылылығы мен жайлылығына назар аудару қажет. Балаларға қарлы, мұзды жолдарда ойнауға болмайтынын түсіндіріп, қауіпсіздік ережелерін ұстануды үйрету керек. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай кішкентай балаларды мұқият қадағалап, үлкендерге қауіпсіздік ережелерін түсіндіру қажет. Егер бала құлап, жарақат алса, медициналық көмекке жүгіну керек. Баланың құлап, жарақат алуынан қорғану үшін бірнеше алдын алу шараларын қабылдау қажет. Көліктерден сақтану, биікке шықпау, секірмеу сияқты қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтау қажет. Балаларды үнемі бақылап, олардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау керек. Қысқы демалыс кезінде көлік құралдарын пайдалану кезінде бірнеше қауіпсіздік шараларын ұстану қажет. Көлікке мінгенде, түскенде бала қауіпсіздігін қадағалап отыру керек. Автокөлік орындығы баланың жасы мен салмағына сәйкес болуы тиіс. Сырғанақ тебу кезінде балалардың киімдерінің ыңғайлылығын қадағалау маңызды. Шаңғы мен конькилердің дұрыс жабдықталғанын тексеру қажет. Сырғанау кезінде басқа балалармен қақтығыспауға, соққыласпауға үйрету керек. Егер бала жарақат алса, міндетті түрде медициналық көмекке жүгіну қажет. Қыс мезгілінде балалар үшін қауіпсіз ойындар мен іс-шараларды ұйымдастыру қажет. Логикалық ойындар, үстел үсті ойындар, шығармашылық жұмыстар, кітап оқу, өлең жаттау сияқты әрекеттер балаларға қызықты әрі пайдалы болады. Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне зиян келтірмей, көңілді уақыт өткізуге мүмкіндік туғызу керек. Балалардың қауіпсіздігі – әр ата-ана мен тәрбиешінің басты міндеті. Қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, қыс мезгілі балалар үшін қызық әрі қауіпсіз өтеді. Ата-аналар мен тәрбиешілердің жауапкершілігі мен дұрыс бақылауы баланың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Шешімі:

1. Балалардың жетістіктері туралы ақпарат назарға алынсын.
2. «Бала тәрбиесі – баршаға ортақ» баяндама жақсы деп бағалансын.
3. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік талаптары сақталсын.

Төрайымы:  Иштаева Ф.К.
Хатшысы:  Кошбаева А.Х.



АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ

№3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 20.05.2024 ж.

Қатысқаны: 48 ата-ана

Қатыспағаны: 15 ата-ана

Күн тәртібі:

1. 2023–2024 оқу жылының қорытындысы.
2. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру.
3. Балабақшаның отбасымен бірлескен әрекет нәтижесі.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: Әдіскер Кошбаева А.Х. оқу жылы бойындағы атқарылған жұмыстар мен балалардың жетістіктері туралы есеп берді. 2023-2024 оқу жылының аяқталуымен құттықтады. - Осы оқу жылында жоспарланған іс-шаралар балалармен өте көп өтті. Сіздер үнемі еліміздегі жағдайға байланысты ата-аналарға онлайн форматта өтілген барша мерекелерге түсіністікпен қарап, атсалысқандарыңыз үшін алғыс айтамын. Бұл іс-шаралар балалар үшін өте маңызды шаралар болды. Сонымен қатар сіздер мен балабақша арасында жақсы қарым-қатынас орнауына да себепші болады. Ертеңгілікке ерекше дайындалып видеороликпен аналарын барлық нәзік жандыларды ерекше құттықтап әсерлі етіп кешті бастап, ән айтып, би билеп, алғаш сахнаға көрініс көрсетіп, өздерін еркін ұстап жан –жақты көрсетті. Ата аналар сіздерге видеоролик форматында жібердік. «Наурыз думан» атты мерекелік іс-шара жоғары деңгейде өтті. Ауылдан әжеміз қонаққа келіп. Балаларға түрлі тартулар жасады. Балалар өлең айтып, би биледі. Қазақтың ұлттық тағамдарын ішіп, ұлттық мерекемізді ерекше атап өткіздік. Аналарымызға арнап «Сый сөмке» жасадық. Балалар аналарына сыйлады. Балалардың «Қош бол, балабақшам» атты балабақшаны бітіру кеші де өте әсерлі өтті. Балалардың қимай балабақшамен қоштасу салтанаты кезінде әр түрлі әндер орындалып, балалардың балабақша қабырғасында жүрген кездеріндегі билеген билерінен қысқаша үзінділер қойылды, айтыс өнерімен сусындап, әсем өлең жолдарымен жалғасты. Видеоролик форматында ата-аналарға ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша: Педагог-психолог Гиметдинова А.А. жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту және қауіпсіздігін сақтау жөнінде ұсыныстар айтылды. Алдағы жаз айларында сауықтыру шынықтыру шаралары болады.

Олар:


1. 1 маусым «Балаларды қорғау күні»
2. Жүректен жүрекке
3. Көңілді тәжірибелер
4. Ән айтып шынығамыз
5. Көңілді интеллектум
6. Аспаздық әлемі
7. Мен актер боламын
8. Әдеби шығармалар әлемі
9. Конституция күні.

Үшінші мәселе бойынша: Ата-аналардың ұсыныстары тыңдалды.

Тәрбиеші Самигуллина Л.Б. - Отбасы мен балабақша сабақтастығы – баланың жан-жақты дамуына, тәрбиесіне, әлеуметтенуіне және оқу процесіне бағытталған маңызды байланыс. Отбасы – баланың алғашқы әлеуметтік ортасы. Ол жерде бала өмірге бейімделеді, өзіне қажетті құндылықтарды игереді және алғашқы тәрбиені алады. Балабақшада бұл үдеріс жалғасып, тереңдей түседі. Тәрбие жұмысы бір мақсатқа бағытталған кезде, балаға өмірлік маңызды дағдыларды дұрыс сіңіруге болады. Отбасында балаға ең алғашқы тәрбие беріледі. Ол ана тілін меңгеру, моральдық құндылықтарды игеру, ата-анасының үлгісін көріп бой түзеу сияқты бастапқы тәрбиелік үрдістерді қамтиды. Ата-ананың күнделікті әрекеттері, қарым-қатынасы, өмірге көзқарасы баланың тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер етеді. Сондықтан отбасында дұрыс тәрбие берудің маңызы зор. Балабақша – баланың алғашқы әлеуметтік мекемесі. Онда бала ұжымда жұмыс істеп үйренеді, әртүрлі адамдармен қарым-қатынас орнатады, ұжымдық тәрбие алады. Тәрбиешілер балаларды ұжымда бірігіп жұмыс істеуге, бір-біріне көмектесуге үйретеді, тәрбиелік және білімдік міндеттерді шешеді. Балабақша тәрбиесінде отбасыға қарағанда жүйелілік пен жоспарлылық бар. Бұл балаға тәртіптілік, жауапкершілік, өзіне сенімділік сияқты қасиеттерді дарытады деді.

Шешімі:

1. Оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жазғы демалыс кезінде қауіпсіздік шаралары қатаң сақталсын.
3. «Балабақшаның отбасымен бірлескен әрекет нәтижесі» қанағаттанарлық деп есептелсін.

Төрайымы:  Иштаева Ф.К.

Хатшысы:  Кошбаева А.Х.

